

5 Статьи научных сотрудников станции, направленные для опубликования в периодическую печать. Том 1. //Государственный архив Карагандинской области по научно технической документации. - Ф.26. - Оп. 3-1. - Д.488а. - 324 л.

6 Переписка с Алма-Аты за 1958 год и 1959 год. //Государственный архив Карагандинской области по научно технической документации. - Ф 26. - Оп. 3-1. - Д. 529. - 469 л.

ҒИБРАТТЫ ҒАЛЫМНЫҢ ӨНЕГЕЛІ ӨМІРІ

Смағұлова Г.М., т.ғ.к., қауымдастырылған профессор,
Төлеуова Б.Т., т.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Қарағанды қ., Қазақстан



Бүгінгі академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің тарихы 1938 жылы негізін қалаған мұғалімдер институтынан басталады. Сол институттың алғашқы факультеттерінің бірі тарих факультеті.

Тарих факультетінің қалыптасып нығаюына үлкен қызмет еткен, 30 жылдан артық декан болған Қали Жуасов және оның әріптестері болды. Солардың қатарында бүгінде жасы 85-тен асқан ұлағатты ұстаз, ғибратты ғалым Әлімжан Нұғманұлы Тельгарин де бар.

Ә.Н. Тельгарин Ресейдің Қорған облысында шаруа отбасында 1935 жылы 2 қарашада дүниеге келген. Есейіп ержеткен ортасы Қазақстанның Қостанай облысы Введенский ауданы болды, қазір ол Мендіқара ауданы деп аталады.

Ә.Н. Тельгариннің балалық шағы Ұлы Отан соғыс жылдарында өткендіктен, сол дәуірдің барлық балалары тәрізді тез есейіп, еңбекке араласты. Ауыл шаруашылық бөлімінің басқармасы болып жұмыс

жасаған әкесі Нұғманның, фермада жұмыс істейтін анасы Рәзияға көмектесіп өсті.

Туған жерінде орта мектепті жақсы бітірген Ә.Н. Тельгарин 1955-1960 жж. Қазақстандағы классикалық үлгідегі жоғарғы оқу орындарының бірі С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде оқыды. Студенттік кезеңнің қызықтары мен қиындықтарын қатар көрді. Ол кезде стипендия 220 рубль болса, соның 100-ін 7 студент бірге тұратын жалға алған пәтерге төледі, қалған 100-ін тамақтануға жұмсады, ал 20 рубльды ата-анасына—жіберіп отырды. Қыс айларын қиындықтарына шыдай жүріп, оқуын жақсы оқыды, жаз айларында «Пахтааралдың» мақта егістігінде қосымша жұмыс істей жүріп, университетті өте жақсы аяқтаған Әлімжан Нұғманұлын білікті маман ретінде Қостанай облысының Боровское елді мекенінде Ы. Алтынсарин атындағы педагогикалық училищеге жұмысқа жіберіледі. Училищеде тарих, география, логика және психология пәндерінен сабақ береді. Осы жерде ол өзінің болашақ жары, Қостанай облысына комсомолдық жолдамамен келген Н.Г. Чернышевский атындағы Саратов мемлекеттік университетінің түлегі Лина Тимофеевна Адриановамен танысады.

Ә.Н. Тельгариннің өміріндегі ғылым жолындағы үлкен кезеңі 1962-1965 жж. С.М. Киров атындағы ҚазГУ-дың жалпы тарих кафедрасында аспирантурасында оқыған жылдар болды. Аспирантурада оқыған жылдары ол екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кеңес-чехословак қатынастарын зерттеді. Диссертация тақырыбына байланысты деректер жинау үшін 1965 ж. қазан айында ол Карлов Университетіне (Прага, Чехословакия) чех тілін меңгеріп, тәжірибе жинақтауға барады. Тағлымдамадан өту барысында болашақ жас ғалым Прага, Братислав қалаларында кітапханалар мен мұрағаттарда диссертация тақырыбы бойынша материалдар жинақтап қайтты. Чехословакияда көргендерінен ол Чехословакия халқының жоғары өмір сүру деңгейі, кеңес елшілігінің белгілі бір себептермен жабықтығы есінде.

1968-1969 жж. Чехословакияда оқиғалар (тарихта ол «Прага көктемі» деп аталады) Ә.Н. Тельгариннің кандидаттық диссертациясын қорғау кейінге қалдыруға мәжбүр етті, ол Чехословакиядағы жағдай қалыпқа келгеннен кейін ғана өтті - 1971 ж. КСРО Ғылым академиясының Славян зерттеулер институтында диссертация сәтті қорғалды.

Ә.Н. Тельгарин 1966 ж. қыркүйек айынан бастап Қарағанды мемлекеттік педагогикалық институтының жалпы тарих кафедрасында аға оқытушы болып қызметке жіберілді. Сол уақыттан

бері бір оқу орнында еңбек етіп келеді. Ол 1969 ж. қаңтар - 1972 ж. қыркүйек аралығында жалпы тарих кафедрасының меңгерушісі болды; 1971-1972 жж. педагогикалық институттың, содан кейін университеттің партия ұйымының хатшысы болып сайланды; 1974-1979 жж. - ҚарМУ-дың жалпы тарихы кафедрасын тағы басқарды, дәл осы кезеңде кафедра факультеттің және университеттің ғылыми-педагогикалық құрылымы ретінде қалыптасты.

А.Н. Тельгарин кадрларды іріктеуге көп көңіл бөлді, оның шақыруы бойынша орталық университеттердің аспирантурасының түлектері Қарағандыға келді, оқытушылардың ғылыми біліктілігі едәуір өсті. Сол кездері кафедрада ғалым мамандар көрсеткіші 70% болды әрі мұндай көрсеткіштер басқа кафедраларда болған жоқ!

1980-1987 жж. А.Н. Тельгарин ҚарМУ-дың кешкі және сырттай оқу жөніндегі проректоры болып жұмыс істеді; 1987-1994 жж. ол ҚарМУ-дың тарих факультетінің деканы; 1990-1991 жж. А.Н. Тельгарин оқу ісі жөніндегі проректор болып тағайындалды. Ал 1994 ж. бүгінгі күнге дейін А.Н. Тельгарин - бүкіләлем тарихы және халықаралық қатынастар кафедрасының профессоры.

Әлімжан Нұғманұлы біздің арамыздағы тірі архив. Себебі, ғалым ағамыздың есте сақтау қабілеті өте мықты. Ол кісімен әр түрлі тақырыпта сұхбат құру үлкен бақыт және әңгімені жетік тілмен жеткізіп айтатын қасиетке ие. Мысалы, Әлімжан Нұғманұлының бала кезі туралы айтқан қызықты естеліктерінің бірі мынадай. Ол анасының әскери шинель матасынан тігіп берген костюмымен байланысты қызықты да, қорқынышты оқиғамен байланысты.

Үстіне жаңа костюм киген бала Әлімжан 1947 ж. жаз айында Черная деп аталатын өзен жағасында 300-дей қойды бағып жүреді. Бала қиялына беріліп, армандап отырған кезде бір қойдың қалай өзенге түсіп кеткенін байқамай қалады. Баланың бойын батып бара жатқан қойды қалай құтқарамын деген үрей билейді. Өйткені Ұлы Отан соғысы аяқталған кейін елде қалыптасқан саяси жағдайда шаруашылыққа зиян келтірген кішігірім кемшіліктердің өзін қатаң жазалайтын, мысалы, 3-5 кг. бидай астық алқабында қалып қойса 8 жыл бас бостандығынан айырылатын еді... Алғашқыда қорқып қалған бала, бірден қойды құтқаруға қамына кірісіп, 2 метрлік биік жар қабақтан суға секіреді. Өзі суға жүзуді білмейді, оған қоса үстіне киген жаңа костюмы суды бойына жинап алған соң, ауырлай береді. Батып кетпедің амалдарын жасаған бала, есін жоғалтады. Осы кезде келіп үлгерген үлкендер баланы да, қойды да аман құтқарды. Осылайша бала Әлімжан және оның жанұясы үкіметтің жазалануынан аман қалады. Бұл оқиға бала Әлімжанды ерте есейтті.

Әлімжан Нұғманұлы айтқан естеліктердің бірі - мектептегі оқыған жылдары және өзіне білім берген жақсы педагогтар туралы. Олар туралы Әлімжан Нұғманұлы былай деп еске алады: «Мектеп мұғалімдерінің басым бөлігі Петербург және Мәскеу университеттерінің түлектері еді. Олардың сабақ беру тәсілдері де керемет болатын. Біз сабақтарды қызығып оқушы едік...».

Әлі күнге дейін сол мұғалімдерінің аты-жөндері (Бондарьева Лидия Ивановна –география; Живогляд Иван Никитович тарих пәндерінің мұғалімдері) мен қандай баға алғандары да есінде. Оқушы Әлімжан география сабағында Үндістан мемлекетінің республика жариялауымен доминион статусын алғанын, тарих сабағында, И. Сталиннің Бірінші Петр туралы не айтқанын шатастырып алады. Сондықтан болар, Әлімжан Нұғманұлының бүкіл саналы ғұмыры осы екі пәнмен байланысты – өзі тарихшы, марқұм болған жұбайы Лина Тимофеевна – географ.

Ал мектеп директоры болған В.А. Юровский қатал мінезімен біздің кейіпкеріміздің есінде, сол мінезімен Әлімжан Нұғманұлын тәрбиелеуге өз үлесін қосты. Атап айтқанда, қатал директор шылым шегуді қойғызуға тәрбиелеген сабақтарының нәтижесі бекер болған жоқ, сол уақыттан бері Әлімжан Нұғманұлы шылым шекпейді.

Әлімжан Нұғманұлының жас кезіндегі есінде қалған оқиғалардың бірі - КСРО Жоғарғы Кеңесінің сайлау жұмыстарына қатысуы. Оған 1953 жылы қарашасында жас сайлаушы ретінде Қостанай облыстық парткомының бұрынғы бірінші хатшысы С. Жанбаевтың кандидатурасын қолдап, аудандық мәдениет үйінде сөз сөйлеу тапсырылады. Мәдениет үйіне барар жолда қобалжып келе жатқан жас жігіт (әрине, бұл құрметті және жауапкершілікті талап ететін тапсырма болғандықтан, мұндай қобалжу орынды!) жолдағы бір танысының үйіне кіріп су ішпек болады. Үй иесі судың ауыз бөлмеде тұрғанын айтады. Қобалжып тұрған жігіт судың орнына шелекте тұрған керосинді ішіп қояды. Мәдениет үйіне жеткенше қар жейді, бірақ есі бір кіріп, бір шығып тұрған Әлімжанды мектеп завучы, өзін қолға алуға шақырып, айтатын сөзінді тағы бір қайталап шық дейді. Осы жерде Әлімжан Нұғманұлы өзінің табиғи қасиеті - шыдамдылық пен сабырлығын көрсетіп, саяси науқандағы алғашқы сөзін дұрыс сөйлеп шығады. Бұл оқиға Әлімжан Нұғманұлының алдағы өміріндегі саясат саласында дәріс оқуының алғашқы қадамы еді. Кеңестік жүйе кезінде коммунистік партия саясатына байланысты дәрістер оқуда, насихаттауда майталман болды.

Әлімжан Нұғманұлы оның шәкірттері үшін өте жақсы оқытушы, жан-жақты ғалым. Өйткені Қарағанды қаласындағы жоғарғы оқу орындары арасында Әлімжан Нұғманұлы тәрізді халықаралық қатынастар мен сыртқы саясат, оның ішінде славян елдерінің тарихын жан-жақты меңгерген, терең білетін ғалым жоқ десе де болады. Оның Польша тарихын оқу барысында Юзеф Пилсудский жөнінде айтқан деректері оның тарихи тұлғасын аша біліп, мемлекет басқарудағы істерін терең талдай отырып, сол тұлғаға қатысты жақсы көзқарас тудыратын. Ал оның Оңтүстік және Батыс славяндар тарихына байланысты пікірталастарда, дәріс оқу барысында, конференцияларда сол елдің тарихын терең білетін ғалым ретінде үнемі дәлдеп келеді.

Кез келген оқытушының ұстаздық қыры шәкірттерге білім беріп қана қоймай, оларды тәрбиелей отырып, болашақтарына дұрыс бағыт беру. Осы ретте Әлімжан Нұғманұлы профессор ретінде студенттер мен магистранттардың ғылыми жұмыстарына жетекшілік жасап, көптеген студенттерін халықаралық деңгейге дейін тәрбиелеп шығарды. Солардың бірі, Г. Романованың ғылыми зерттеу жұмысы Қазақстандағы Франция елшісінің қызығушылығын тудырырып, студент Сорбона университетінде тәжірибеден өтуге мүмкіншілік алып, «Четвертый президент пятой республики» (2002 ж.) деген кітабын жариялады. Бұл Әлімжан Нұғманұлының шәкіртіне берген білімі мен еңбегінің нәтижесі деп білеміз.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі КСРО және Чехословакия арасындағы байланыстармен ұзақ жылдар айналысқан Әлімжан Нұғманұлы Қарағанды мемлекеттік университетінде М.И. Богуславский мен Э.С. Багинскийден кейінгі үшінші славянтанушы ғалым ретінде белгілі.

Қазақстанның тәуелсіздік алуымен білім және ғылым саласына келген үлкен өзгерістер кезінде де Әлімжан Нұғманұлы тарих факультетінде ашылған «Халықаралық қатынастар», «Елтану», «Аймақтану», «Тарих және география» жаңа мамандықтарға арналған арнайы курстар оқыды. Олардың басым көпшілігі Ә.Н. Телгариннің негізгі зерттеу объектісі – халықаралық қатынастар, сыртқы саясат, екіжақты ынтымақтастық бағытымен байланысты болды. Осы бағытқа арналған ғылыми мақалалар және мен оқу-әдістемелік құралдар жазды. 2010 ж. үш тілде тереңдетіп білім беретін «Халықаралық қатынастар» мамандығының студенттеріне арналған Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған «Орыс-қазақ-ағылшын анықтамалық-сөздікті» құрастыруға ат салысты. Соңғы бес жылдың ішінде әріптес-шәкірттерімен бірлесе отырып, «Халықаралық қатынастар», «Саясаттану», «Тарих» мамандықтарына арналған «Политические лидеры в международных отношениях: Генеральные секретари ООН» (2016), «Женщины-лидеры в международных отношениях» (2020) деген оқу құралдарын жазуға қатысты.

Әлімжан Нұғманұлы персоналистика, яғни тұлғалар мәселесімен де айналысады. Оның қаламынан әлемдік саясаттың тұлғалары - Эдуард Бенеш, Томаш Гарриг Масарик, Ангела Меркель; қоғам қайраткері – Д.А. Қонаев, көрнекті тарихшылар – тарих ғылымдарының докторлары, профессорлар Ермұхан Бекмаханұлы Бекмаханов, Жарас Омарұлы Ибрашев, Шаймұқанов Дүйсетай Аймағанбетұлы, доцент Қали Жуасұлы Жуасов, кафедра бірге жұмыс істеген соғыс ардагері Иван Алексеевич Колыванов, өзінің әріптесі әрі замандасы, Еуропа және Америка елдері тарихының мықты маманы Мырзағали Хасенұлы Хасенов және славист ғалымдар - М.И. Богуславский мен Э.С. Багинскийден туралы тамаша мақалалар шықты. Сонымен бірге Қарағанды мемлекеттік университетінің әр жылдары басшы болған ректорлар – С.Б. Баймурзин, З.М. Молдахметов, А.Б. Бигалиевтардың қызметі және олардың тұсындағы университеттің дамуы туралы да жазды.

Ә.Н. Тельгариннің өмірінде спорт үлкен орын алады. Спортқа деген құлшыныс пен сүйіспеншілік бала кезінде қалыптасқан. Төменгі сыныптарда оқып жүрген кезінде-ақ мектеп пен үйдің арасы 7 шақырым жерге ол шаңғымен барып-келіп жүрді. Ал әскерге шақырылған уақытында белгіленген әскери комиссариатқа кешігіп қалмау үшін 50 шақырым жерге де шаңғымен жеткен. Спортты жақсы көретін, еңбектенуден ерінбейтін жасөспірім мектеп бітіретін жылы шөп шабу науқаны барысында тракторист ретінде ауыл жұмысшыларына көмек көрсеткені үшін 1954-1955 жж. Бүкілодақтық Лениншіл Комсомол Жастар Одағының Орталық комитетінің «Тың жерді игергендігі үшін» төс белгісімен марапатталды. Бұл Әлімжан Нұғманұлының мемлекет тарапынан алғаш алған сыйлығы еді.

Бүгін де Әлімжан Нұғманұлы салауатты өмір салтын берік ұстанады. Жаяу жүру, шаңғы тебу, суда жүзу, шахмат ойнау – күн тәртібінде атқарылатын істердің қатарында тұрады. Ректор кубогы жарыстарында тарих факультетінің оқытушы-профессорлар құрамасының белсенді мүшесі ретінде жыл сайын мұндай сайыстарға үзбей қатысып келеді.

Бүгінде 55-ші оқу жылында жұмыс істеп отырған Әлімжан Нұғманұлы Тельгарин академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде дүние жүзіндегі ірі шетелдік мемлекеттердің,

оның ішінде Еуропа елдері мен АҚШ тарихы бойынша дәрістер оқитын ең мықты, таңдаулы, кәсіби маман.

Қарағанды мемлекеттік университетінде жұмыс істеген барлық жылдар ішінде Әлімжан Нұғманұлы Тельгарин орасан зор қоғамдық-саяси, үгіт-насихат, ұйымдастырушылық жұмыстар жүргізді. Ол 1994-2004 жж. аралығында партия ұйымының хатшысы, облыстық партия комитетінің лекторы, Қарағанды қалалық сайлау комиссиясының төрағасы болды. Қазіргі уақытта ол университеттің ардагерлер кеңесінің төрағасы, осы ұжым арқылы үлкен тәрбиелік, патриоттық жұмыс жүргізеді.

Осы қызметтердің барлығында Әлімжан Нұғманұлы өзінің принципшілділік, демократияшыл, адамгершілік, іскерлік қасиеттерін көрсетіп, университет қабырғасында, соның ішінде тарих саласында көптеген шәкірттерді тәрбиеледі. Халықаралық қатынастар саласында ғылым және білім берумен қатар қоғамдық-саяси және үгіт-нәсихат, ұйымдастырушылық жұмыстарында алдыңғы қатардан көрінді. Бүгінде Ә.Н. Тельгариннен білім алған шәкірттер білім беру және ел басқаруда, саясатта, елшілікте қызмет атқарады.

Ә.Н. Тельгариннің білім мен ғылым жолындағы еңбегі еш кеткен жоқ. Ол бүгінде Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің құрметті қызметкері, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік Университетінің еңбек сіңірген қызметкері, Ы.Алтынсарин атындағы төсбелгінің иегері.

Ұзақ өмірінде жақсылығымен қатар қиянаты да болды. Бірақ сол қиянат пен қиыншылықтарды жеңе білген Әлімжан Нұғманұлын кафедра, тарих факультеті, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті оның адал жолы мен принципшілдігін құрметтейді, үлгі тұтады. Өйткені ол қаншама жастарды биік шыңдарға шығуға себепкер болды.

Сондықтан Әлімжан Нұғманұлы Тельгарин тәрізді ұлағатты ұстаз, ғибратты ғалымның өнегелі өмірі тарих факультетінің оқытушы-профессорлар қауымына шамшырақтай көрінеді. Ғалымның бізге берері мол, үйренетініміз әлі де көп.

ИСТОРИК – СУРДЛИМПИЙСКИЙ ЧЕМПИОН, ЗАСЛУЖЕННЫЙ МАСТЕР СПОРТА

Тельгарин А.Н., к.и.н., профессор
 Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова
 г. Караганда, Казахстан

Мне приходилось писать о спорте на историческом факультете. Так в «Жуасовских чтениях – 17», посвященном 75-летию исторического факультета Карагандинского государственного университета имени академика Е.А. Букетова в 2013 году была опубликована моя статья «Выпускники факультета: достижения в труде и спорте». В ней говорилось: «Выпускники факультета достигли высоких результатов не только в образовании, науке, государственной структуре, но и в спорте. Наибольших успехов, конечно, добилась Чернецова Е., которая приняла участие в зимних Олимпийских играх 1992 года в Лиллихаммере (Норвегия). На дистанции 15 километров она заняла 26-ое место среди 78-ми участниц. Место, безусловно, достойное, если учитывать тот факт, что тогда в этих играх блистала целая плеяда выдающихся лыжниц СССР и России (Е.Вяльбе, Н.Гаврилюк, Л.Егорова, Л.Лазутина – многократные Олимпийские и мировые чемпионки) Германии, Норвегии, Швеции. В этих играх Казахстан впервые сформировал отдельную национальную команду в лыжном спорте и других видах, тогда дважды олимпийским чемпионом стал кокчетавец В.Смирнов, карагандинец В.Сахнов стал серебряным призером в лыжной эстафете, а бронзовым призером – И. Гаранин из Рудного.

В Чемпионатах и Кубках мира лучше всех из историков выступал И. Шишкин. Он становился обладателем Кубка мира по боксу в середине 1990-х гг. в Англии, где, кстати, много лет выступал как профессионал. Был он также чемпионом и призером первенств СССР среди боксеров-юниоров, первенств Казахстана.

Чемпионкой Европы по настольному теннису в парной игре была Ф.Хасанова. Призером чемпионата Европы по теннису была Е.Балько, призером чемпионата Казахстана А. Дубаневич. Также призером чемпионата СССР и чемпионом мира среди юниоров был велосипедист И. Грюнер.

На студенческой универсиаде на рубеже 1980-1990-х гг. выпускник, а затем преподаватель кафедры всемирной истории В. Максименко занял 26-место среди команд студентов и преподавателей из более чем восьмисот пятидесяти вузов СССР.